

Жетісай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 277 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2020 жылға квоталар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 мамырдағы № 418 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 мамырда № 6219 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, 27 бабының 1 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жетісай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жетісай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 277 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2020 жылға квоталар белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5618 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 18 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 1, 2, 3 қосымшалары осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жетісай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Примбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетісай ауданының әкімі

М. Қадырбек

Жетісай ауданы әкімдігінің

14 мамырдағы 2021 жылғы

№ 418 қаулысына 1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Жетісай ауданы ұйымдарының тізімі

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Жетісай ауданы әкімдігінің "Жетісай Қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	2	2
2.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының " Асық ата" Жетісай аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1070	1	10

3.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының " Жетісай аудандық орталық ауруханасы " шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1311	1	13
4.	Жетісай ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Жетісай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	164	2	3
	Барлығы	2676		28

Жетісай ауданы әкімдігінің
14 мамырдағы 2021 жылғы
№ 418 қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленетін Жетісай ауданы ұйымдарының тізімі

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Жетісай ауданы әкімдігінің "Жетісай Қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	2	2
2.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының " Асық ата" Жетісай аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы	1070		10

	мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		1	
3.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының " Жетісай аудандық орталық ауруханасы " шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1311	1	13
4.	Жетісай ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Жетісай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	164	2	3
	Барлығы	2676		28

Жетісай ауданы әкімдігінің
14 мамырдағы 2021 жылғы
№ 418 қаулысына 3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін Жетісай ауданы ұйымдарының тізімі

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1.	Жетісай ауданы әкімдігінің "Жетісай Қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	2	2
	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "			

2.	Асық ата" Жетісай аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1070	1	10
3.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының " Жетісай аудандық орталық ауруханасы " шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1311	1	13
4.	Жетісай ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Жетісай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	164	2	3
	Барлығы	2676		28